



БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

10

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №41 (6603) 6 мамыр, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

Almaty

AQSHAMY



12+

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

жауапты әрі қастерлі міндет



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысып, сардарлар мен сарбаздарды алдағы Отан қорғаушы күнімен құттықтады.

– Қарулы Күштер еліміздің тәуелсіздігін, тыныштығы мен тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Мемлекет Қарулы Күштердің әлеуетін нығайтуға айрықша мән беріп отыр. Армиямыз кез келген сәтте өз міндетін орындауға сақдай сай тұруға тиіс. Былтыр біз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын алғаш рет дербес орындауға кірістік. Бұл қадам халықаралық қауымдастықтың Қазақстан армиясына сенімі жоғары екенін көрсетеді. Әскеріміз ең озық қарумен және техникамен жарақтандырылып жатыр. Қорғаныс өнеркәсібі кешені дамып келеді. Ел қауіпсіздігі мен шекарасын қас қақпай күзету, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету – жауапты әрі қастерлі міндет. Мұны тек кәсіби деңгейі жоғары, ант пен борышқа адал, ел үшін аянып қалмайтын батыл жандар ғана атқара алады. Сондықтан әскерилер, құтқарушылар мен күштік құрылым қызметкерлері өскелең ұрпақ пен барша халқымыз үшін Отанға адал қызмет етудің үлгісі болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ЗЕРДЕ

28 гвардияшы-панфиловшылар саябағы:

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков және Алматы өңірлік гарнизонының, Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметі академиясының қолбасшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері, курсанттар және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.



Досбол
АТАЖАН

28 панфиловшылар саябағында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Кеңес әскері қолданған әскери техника – Т-34, Т-44, Т-55 танктері, 1931 жылғы 230 мм гаубицалар және «Катюша» реактивті артиллериясының әйгілі БМ-13 жауынгерлік машинасы қойылған. Сонымен қатар, Жеңістің 80 жылдығына орай Әскерлер



үйінде жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл ғимаратта Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың филиалы орналасқан. Нысан қайта ашылғаннан кейін онда балалар әс-

кери-патриоттық клубтары жұмыс істей бастайды. Онда концерттік және өзге де залдарға, жауынгерлік даңқ мұражайына күрделі жөндеу жүргізілген.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

6.05.2025

Түнде:



+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Күндіз:
+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

7.05.2025

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Күндіз:
+29+31 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

8.05.2025

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Күндіз:
+31+33 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



5



Қарулы Күштер:

ӘСКЕРИ РЕФОРМА

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері биыл 33 жылдығын атап өтуде. Осы уақыт ішінде қарулы күштер жасақталып, түрлі реформа жасалды. Саяси-құқықтық базасы қалыптасып, материалдық тұрғыдан жаңаруда. Мақалада алда келе жатқан мерекеге орай әскери саланың даму эволюциясы мен қазіргі жүзеге асып жатқан реформа жайлы талдаймыз.

Әлемде әскери салаға қаржы көбірек бөлінеді. Өйткені, әскери сала – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен дамуының негізгі кепілі. Мұны қазіргі геосаяси тұрақсыз әлем мен халықаралық құқықтың әлсіреуі дәлелдеп отыр.

Соңғы жылдары әлемдегі халықаралық жағдай тұрақсыз. Әлемде әскери қорғаныс саласына бөлінетін қаржы еселеп өсуде. Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу институтының (SIPRI) мәліметінше, әлемде 2024 жылы әскери салаға бөлінген қаржы рекордтық көрсеткішке жеткен. 2025 жылы 28 сәуірде SIPRI ұйымының баяндамасы жарияланды. Былтыр әлем елдері бұл салаға 2,7 трлн. АҚШ доллар бөлген. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 9,4%-ға көп. Осылайша «суық соғыс» аяқталғалы ең жоғары көрсеткіш тіркелген.

Сонымен қатар, қаржы көлемі 2015 жылдан 2024 жылға дейін 37 есе өскен. 2024 жылы әлемде ЖІӨ-нен әскери салаға бөлінетін қаржы көлемі 2,5%-ға жеткен.

Жер шарында 8 млрд. -тан астам адам бар. Былтыр жан басына шаққанда әскерге бөлінетін қаржы 334 АҚШ доллары болған екен.

Баяндамада 2024 жылы әлемнің 100-ден астам мемлекеті 2023 жылмен салыстырғанда әскери салаға бөлінетін қаражатты арттырғаны жазылған. Ең жоғары өсім Еуропа мен Таяу шығыста тіркелген. Бұған Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс пен Газа секторындағы тұрақсыздық әсер етті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алғашқы үштікте АҚШ, Қытай мен Ресей тұр. Олар 2023 жылы да осындай жоғары көрсеткішке ие болған. 2024 жылы АҚШ 997 млрд., Қытай 314 млрд., және Ресей 149 млрд. доллар бөлген. Бір қызығы, 2023 жылмен салыстырғандағы ең жоғары өсім Ресейде тіркеліп, 38%-ға өскен. Ал АҚШ-та – 5,7%, Қытайда – 7%.

Алғашқы ондыққа Германия, Үндістан, Біріккен Корольдік, Сауд Арабиясы, Украина, Франция мен Жапония енген. 2023 жылмен салыстырар болсақ, Германия әскери салаға бөлінетін қаржыны едәуір арттырғанын көреміз. Себебі, жетінші орыннан төртінші орынға көтерілген.

Қазақстан да қаржы көлемін арттыруда

Кез келген сала қаржы болмаса дамымайды. Әсіресе, әскери салада ол маңызды. SIPRI баяндамасында Орталық Азия аймағы жеке көрсетілген. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түрікменстан енген. Қазақстан аймақта әскери салаға бөлінетін қаржы көлемі бойынша көш бастап тұр. 2023 жылы 1,1 млрд. болса, 2024 жылы 1,2 млрд. АҚШ долларын қорғанысқа бөлген. Яғни айтарлықтай өсім бар.

Институттың деректеріне сүйенсек,

2024 жылы еліміздің мемлекеттік бюджет шығындарының 1,9%-ы әскери салаға бөлінген. Жан басына шаққанда 59 АҚШ доллары. Ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 57 АҚШ доллары болған.

Әрине, жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтер әлемдік орташа көрсеткіштен төмен. Дегенмен, осыдан 10, 20 жыл бұрынғы бөлінген қаржымен салыстырғанда, анағұрлым өскенін байқауға болады. Мысалы, 2004 жылы әскери шығын 426 млн. АҚШ доллары болған.

Алдағы уақытта қаржы көлемі өсуі мүмкін. Бірақ геосаяси факторды да ескерген жөн. Себебі, қаржының өсуінен көрші елдерде күмән пайда болуы мүмкін. Сондықтан бөлінетін қаржының сапалы өзгерістер әкелуіне баса мән беру қажет.

Тәуелсіз Қазақстанның әскері қалай құрылды?

1992 жылы 7 мамырда «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы» Президент Жарлықтарымен еліміздің Қарулы Күштері құрылды.

Дегенмен, заманауи қарулы күштерді

құруға алғаш рет XX ғасырдың басында Алашорда үкіметі талпыныс жасағанын естен шығармаған жөн. Бұдан бөлек, КСРО кезеңінде еліміздің қарулы күштері қалыптасып, Екінші дүниежүзілік соғыста өзін жақсы қырынан көрсеткенін атап өтуге болады.

Тәуелсіз еліміздің қарулы күштері құрылғалы бері саяси-құқықтық базасы қалыптасып, даму үстінде. 33 жыл ішінде 4 әскери доктрина қабылданды. Ең алғашқы 1993 жылғы доктринаны қабылдауға тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов елеулі үлес қосты. Одан бері 2000, 2007, 2011, 2017 жылдары жаңа доктриналар қабылданды.

Қазіргі доктрина 2022 жылы көлемді өзгеріске ұшырады. Олар келесідей:

- **Қарулы Күштерде ақпараттық-психологиялық, кибер әсер етуге қарсы әрекет ететін құрылымдар құрылды. Себебі, әлемде соңғы жылдары гибридік соғыс әрекеттері күшеюде;**
- **Аумақтық қорғанысты басқаратын құрылым құрылды. Мақсаты – орталықтандыруды күшейту;**
- **Ұлттық гвардия модернизацияланды. Мақсаты – ішкі тұрақсыздықты реттеу үшін мобильділікті арттыру.**

Бұдан бөлек, әскери саланың беделін арттыру мен әскерге баруды ынталандыру мақсатында ақпараттық жұмыс қолға алынып, түрлі ынталандыру тетіктері енгізілуде. Мысалы, 2024 жылы заңға өзгеріс жасалып, әскерде борышын өтеген азаматтар жоғары оқу-орындарында мемлекеттік грантпен тегін білім алуға мүмкіндік алды. Бұл азаматтарды ынталандыратыны сөзсіз.

Сондай-ақ, биыл әскери резервке алу бойынша да заңға өзгеріс енгізілді. Контракт бойынша әскери борышын өтейтін азаматтардан жинақталатын әскери резерв қалыптаспақ. Азаматтарды ынталандыру мақсатында түрлі әлеуметтік пакеттер қарастырылған.

Қорыта келе, әлемде әскери-қорғаныс саласына бөлінетін қаржы көлемі артқанына көзіміз жетті. Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалмай келеді. Қаржы көлемі артып, жүйелі әскери реформа жүзеге асуда.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



МАРТЕБЕ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТРЕНДТЕ

Әлеуметтік медиада қазақша контенттің жұлдызы жана бастады

Соңғы жылдары қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі (TikTok, Instagram, YouTube және басқа платформалар) қолданысы күрт артып, цифрлық кеңістіктегі мәртебесі жаңа белеске көтерілді. Бұған дейін орыс, ағылшын тілдеріндегі контенттер үстемдік құрған әлеуметтік медиада қазақша контенттің жұлдызы жана бастады. Енді қазақ тілі жай ғана тұрмыстық қатынас құралы емес, тренд құраушы, ұрпақ санасына әсер етуші күшке айналды. Бұл құбылыс кездейсоқ емес — оның артында терең әлеуметтік, мәдени себептер жатыр десек те болады.



**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Миллиондаған қаралым жинауда

TikTok пен Instagram секілді платформаларда контент жасаушы жастар қазақ тілін заманауи стильмен ұштастырып, оны жаңа деңгейге көтеріп отыр. Мысалы, әзіл-сықақ, мотивация, білім беру, ұлттық құндылықтар туралы қысқа видеолар тек трендке ілігіп қоймай, миллиондаған қаралым жинауда. Бұл үрдіс қазақ тілінің өміршеңдігін және бейімделгіштігін айқын дәлелдейді. Қазақ тілінде жасалған контент тек тілдің өзін ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымды, салт-дәстүрді, тарихи жадыны да қамтиды. Тіл арқылы жасалған бұл байланыс жастардың ұлттық болмысына қайта оралуына жол ашып отыр. Қазіргі кезде қазақша подкасттар, блогтар, неше түрлі мәдени шолулар, әлеуметтік эксперименттер — барлығы қазақ тілі арқылы көрерменмен етене байланыс орната алады.

Цифрлық кеңістік — қазіргі заманның ең үлкен ықпал алаңы

Мұнда тек көңіл көтеру емес, идеология, құндылықтар, тілдік бәсеке жүреді. Қазақ тілінің бұл майдандағы алға шығуы — көпжылдық күрестің жемісі секілді. Соңғы кезде қазақ тілін қолдаушылар саны артып, қоғамда «қазақша сөйлейік», «қазақша контент жасайық» деген ұрандар трендке айнала бастады. Бұл — тұтынушының да, өндірушінің де тілге деген сұранысының артқанының белгісі. Елдің ертеңін ойлаған азаматтар мен тіл жанаушылары бірігіп, қазақша сөйлеуді сәнге айналдыруда. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау мен қарапайым халықтың ниеті тоғысып, қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі өрлеуіне серпін беруде.

Келешек міндеттер

Әрине, қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі дамуы тек жеңістерден тұрмайды. Техникалық терминдердің жетіспеушілігі, сапасыз аудармалар, тілді коммерцияландыру барысында туындайтын этикалық мәселелер де бар. Алайда, бұл мәселелердің өзі тілдің даму үстінде екенін көрсетеді. Келешекте қазақша контенттің сапасын арттыру, платформалардағы қолдау тетіктерін күшейту және ең бастысы, қазақ тіліне деген ішкі қажеттілікті қалыптастыру — басты міндеттердің бірі болып қала бермек. Қазақ тілі бүгінгі таңда жай ғана ана тілі емес, тренд құраушы, мәдени ықпалдың негізгі тетігіне айналууда. Әлеуметтік желілердегі тіл майданында қазақ тілінің беделі артып келеді. Бұл — ұлттың оянуы, жаңа буынның тілі мен тамырына қайта оралуының жарқын көрінісі. Енді бұл қозғалысты қолдау, тереңдету және жүйелі арнаға бағыттау — баршамыздың ортақ парызымыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мадина УТЕШОВА,
қазақ тілі маманы:

Ана тілімізге деген жаңаша көзқарас

Қазақ тілінің әлеуметтік желілерде кең қанат жаюы — бұл тек лингвистикалық емес, мәдени, рухани және қоғамдық ауқымды құбылыс. Бұрын тілдің дамуы мен қолданысын көбіне оқу орындары, ресми құрылымдар немесе БАҚ арқылы елестететінбіз. Ал бүгін бұл міндетті қарапайым жастар, блогерлер, заманауи ойлайтын кәсіпкерлер мен контент жасаушылар да қолдай бастады.

Әлеуметтік желідегі әрбір қазақша видео, әрбір сапалы жазба, тіпті қысқаша пікірдің өзі — қазақ тілінің өміршеңдігін дәлелдейтін құнды әрекет. Қазақ тілінің TikTok, Instagram, YouTube сияқты платформаларда танымал болуы — бүгінгі ұрпақтың ана тіліне деген жаңа көзқарасын көрсетеді. Олар тілге ескі көзқараспен емес, шығармашылықпен, заманауи стильмен қарап отыр.

Бұл — тілдің тек сақталуын емес, сонымен қатар дамуын, жаңғыруын білдіреді. Жастар қазақ тілін сәнге, трендке айналдырып жатыр. Бұл — бұрын-соңды болмаған үміт ұялататын үрдіс. Дегенмен, бұл жетістікке әлі толықтай қуануға болмайды. Әлеуметтік желідегі қазақ тілінің орны уақытша емес, тұрақты болуы үшін жүйелі жұмыстар қажет. Контент жасаушы жастарды қолдау, қазақша платформа әзірлеу, техникалық терминдерді қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерге арналған сапалы қазақ тіліндегі анимация, ойындар, білім беру контенттерін дамыту — күн тәртібінде тұруы тиіс маңызды міндеттер.

Бұл үрдісті жүйелі қолдап, қазақ тіліне деген қызығушылықты балаларға ерте жастан бастап сіңіру — басты миссиямыз. Қазақ тілі енді қорғануды емес, өрлеуді қажет етеді. Сондықтан әрқайсымыз әлеуметтік желіде бір постты, бір бейнені, бір пікірді қазақша жазсақ та — бұл үлкен өзгеріске үлес қосқанымыз.



ЖЕҢІС ЖОЛЫ: ЕРЛІКKE ТАҒЫМ, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

АБЫРОЙ МЕН ДАҢҚ МЕРЕКЕСІ

ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің басты бағдармақсаты – Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан батырларымыздың есімін жаңғыртып, жастарымыздың санасына сіңіру, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу. Ең алдымен, сұрапыл соғыс салған жараның адамзат үшін ең ауыр болғанын жастарға жеткізіп отыруымыз керек.

Соғыстың үлкен-кішісі болмайды. Кез келген соғыс – адамзат үшін үлкен апат, ал дүниежүзілік соғысты – жаһандық кеңістіктегі апат десек, артық айтқандық емес. Кешегі Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске сол кезеңдегі Кеңес Одағының барлық халықтары сияқты Қазақ елі де көп үлес қосты. Сондықтан да Екінші дүниежүзілік соғыс қасіреті барлық адамзатқа ортақ. Себебі, одан тысқары қалған ел болған жоқ. Сұм соғыстың адамзатқа салған тауқыметі аз болмады. Майданда сан миллиондаған адам қаза тапты. Ұрыс даласынан денсаулығы нашарлап, аяқ-қолдарынан айырылып, мүгедек болып оралған жауынгерлер қаншама еді...

Ұлы Отан соғысында 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанса, төрт жауынгеріміз – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганскийлер екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ал батыр апаларымыз – пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұлованың есімі халқының жадында мәңгіге сақталады. Тек Алматының өзінен ғана 48 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанған екен. Бүгінде Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Төлен Қабылов, Әди Шәріпов, Григорий Шемякин сияқты бірқатар батырла-

рымыздың есімдері Алматының көшелеріне берілген. Қазақстандықтар Мәскеу түбіндегі шайқаста, Ленинградты қорғап, Сталинград түбіндегі неміс фашистері әскерлерін талқандауда, Кавказ бен Украинаны және Брест қамалы мен Қырым түбегін азат етуде ерліктің ерекше үлгісін танытты. Қазақ жауынгерлері Днепр өзенінен өткендегі жанқиярлық ерлігі үшін көптеген медаль-ордендермен марапатталды. Жауынгерлеріміз Еуропаны фашизмнен азат етуде де ерекше көзге түсті.

Жеңіс жолындағы ең шешуші сәтте қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа ту тікті. Батырларымыз құрлық пен теңізде де, аспанда да жаумен соғысып, қаһармандық танытты. Өкініштісі, олардың басым көпшілігі ұрыс даласынан елге қайта оралмады.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

Қазір Алматы қаласында 21 соғыс ардагері мен 5 мыңнан астам тыл еңбеккерлері тұрып жатыр. Өкініштісі сол, жыл өткен сайын бізге бейбіт өмір сыйлаған ерлеріміздің қатары сиреп барады.

Ерлік елге – мұра, ұрпаққа – ұран. Ұлы Жеңіс жолында Отанымызды қорғаған жауынгерлермен, офицерлермен қатар, тылда еңбек еткен еңбеккерлердің де үлесі зор болды. Қазақстанда зауыттар күндіз-түні жұмыс істеп, майданға қажетті оқ-дәрілер мен керек-жарақтарды жіберіп жатты. Жауынгерлерді азық-түлікпен, киім-кешекпен үздіксіз қамтамасыз етуге қолдан келгенше жағдай жасалды.

Алматы Одақтың түкпір-түкпірінен эвакуацияланғандардың баспанасына, жүздеген мыңдаған жаралы жауынгерлердің госпиталіне айналды. Басқа жақтан көшіп келгендер Қазақстанды пана тұтты. Сол жылдары Қазақстан эвакуацияланған миллионда-

ған адамның ортақ шаңырағына айналды. Тыл демекші, сол қиын заманда Қазақстанда танктер мен ұшақтар құрылысына қаржы жинау қозғалысы кең орын алды. 1942 жылы Қазақстан жастар ұйымынан 45 жаңа танк ұрысқа аттанды. Ал 1942-1943 жылдары елімізден, халық қаражаты күшімен соғысқа 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, катерлер мен атаулы ұшақтар жіберілді. Бұл кезде тылда да жұмыс қызып тұрған шақ еді. Бұғанасы қатпаған жас баладан, еңкейген қарияға дейін күндіз-түні еңбекке жегілді. Соғыс басталысымен, Алматы маңында заманауи ұрыс полигондары пайда болды. 1941 жылы бір ғана Алматы атқыштар-пулеметшілер училищесі әскерге 2429 жас офицерді дайындады.

ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН БАТЫЛДЫҚ ӨНЕГЕСІ

Тарихта аңызға айналған атақты генерал Иван Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының Мәскеу түбіндегі Дубосеково торабында болған ұрыстағы 28 панфиловшының жанқиярлық ерлігі ел жадынан мәңгі өшпейді. Қазақстаннан әскерге шақырылғандар мен еріктілер арасынан жасақталған бұл дивизия соғыстың шешуші кезеңінде иық тіресе қайсарлық пен батылдық үлгісін көрсетті.

Соғыс жылдары Алматыда кәсіпорындар құрылысы кең көлемде жүргізіле бастады. Шаһар КСРО-ның ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. Мамандармен бірге көптеген зауыттар қаламызға көшірілді. КСРО-ның ішкі аудандарынан 34 зауыт көшіріліп, Алматыға орналастырылды. Атап айтсақ, 1941 жылы Луганск локомотив құрастыру зауыты Алматыға қоныс аударды. Соның негізінде 1942 жылдың наурызында Алматы ауыр машина жасау зауыты (АЗТМ) қайта құрылды. Шаһарда тігін

фабрикасы, шұжық фабрикасы, наубайхана, трамвай желілері іске қосылды. Кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Халық Комиссарлар Кеңесінің арнайы шешімімен кәсіпорындарға басқа облыстардан қажетті машиналар мен жабдықтар жеткізілді. Мысалы, Алматы жиһаз фабрикасының шеберханалары тез арада қайта жабдықталып, 1941 жылдың соңына қарай майданға қажетті қару-жарақ шығара бастады.

Әр жұмыс «Бәрі майдан үшін – бәрі Жеңіс үшін!» ұранымен шабыттандырылды. Қала еңбеккерлері өндіріс жоспарларын 100 пайызға асыра орындады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, алматылықтар Қорғаныс қорын құрып, оған қала тұрғындары өз жинақтарынан 8,5 миллион рубль аударды. Осы зауыттар мен кәсіпорындарда жұмысшылар, әйелдер мен балалар ауыр жұмысқа тартылып, бұрын-соңды болмаған төзімділік танытты. Жалпы, эвакуацияланған кәсіпорындардың барлығында майданға қажетті қару-жарақтар шығарыла бастады. Олардың қатарында С.М.Киров, Ворошилов ауыр машина жасау зауыты, Харьков Трансвязь зауыты, Острожский вагон жөндеу зауыттары бар еді. Ал Мәскеу облысынан әкелінген Дзержинский атындағы №3 трикотаж фабрикасының базасында трикотаж өндірісі толықтай іске қосылды. Харьков кондитерлік фабрикасы мен Мәскеу Бабаев фабрикасы да қаладан орын тепті. Олар қазір жұмыс істеп тұрған Алматы кондитерлік фабрикасының орнына орналастырылды.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Соғыс жылдарында қаладағы жоғары оқу орындарының, демалыс үйлері мен пансионаттардың орнына әскери госпитальдар ашылды. Жаралы

жауынгерлердің көбі Алматыда ем қабылдап, майдан даласына қайта оралды.

Бұл жеңіс – абырой мен даңқ мерекесі! Бүгінгі ұрпақтың биік мұраты – соларды есте сақтау, ұмытпау және ардагерлерге лайықты өмір сүру жолын қамтамасыз етіп, ілтипат пен қолдау көрсету. Алматы қаласының Ардагерлер ұйымының міндеті мен азаматтық борышы – жастарды Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, бойына отансүйгіштік, халықтар достығы мен бірлігінің биік құндылықтарын сіңіріп, оны болашақ ұрпақ жадына сабақтау.

Ардагерлерді ардақтау – мемлекет саясатының басым бағытының бірі. Сондықтан мемлекет пен қала басшылығы ардагерлерге көңіл бөлуді еш ұмыт қалдырған емес. Мысалы, биылғы жылы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 5 млн. теңге, 5 мыңнан астам тыл ардагерлеріне – 100 мың теңге берілетін болады.

9 мамыр – Жеңіс күніне байланысты Алматыда бірқатар маңызды, тағылымды іс-шаралар жоспарланып отыр, үлкен дайындық жүріп жатыр. Кезінде елге Жеңіспен оралған майдангерлерді алматылықтар гүл шоқтарымен қарсы алса, содан бері де 80 жыл уақыт өтіпті. Бірақ соғыс салған жара да, оның қаһармандары да ұмытылған жоқ. Ешқашан ұмытылмайды да! Ерлерге құрмет көрсету жалғаса бермек. Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің бастамасымен соғыс ардагерлерінің құрметіне орнатылған ескерткіштер мен аллеяларда тазалық жұмыстары жүргізіліп, олардың жанында жастармен кездесулер ұйымдастырылуда. Алматыда «Жеңіс естелігі: ұрпақтар мен халықтар бірлігі» аясында түрлі мәдени іс-шаралар өтіп жатыр. Бұл іс-шаралар жастардың рухани санасын айшықтаудағы тың бастамалардың бірі.

Ұлы Жеңіс мерекесі құтты болсын, құрметті алматылықтар!



МӘМС жүйесі:

ҮМІТ ПЕН КҮДІК

алшақтық сыры неде?

Президент тапсырмасына орай, депутаттардың елді алаңдатқан осы өзекті мәселені түпкілікті бақылауға алғаны қуантты. Үкімет сағатында Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов МӘМС жүйесінде жағдайдың қаншалықты мүшкіл екенін нақты деректермен дәлелдесе, Жоғары аудит палатасының өкілі Нұрлан Нұржанов былтырғы тексеріс барысында бірқатар заңбұзушылықтар анықталғанын ашық айтты. Сонымен, алқалы жиын барысынан нені түйсіндік?

ЖЕТІ АНЫҚ:

«бәрі жақсы» десек те, жүйе неге оңалмайды...

Біріншіден, медициналық мекеме науқастан бұрын квотаны ойлайды. МӘМС аясында медициналық қызметтер айлық квота арқылы қаржыландырылады. Емханалар мен ауруханалар емдеу қызметін айлық квотаға қарап жоспарлайды. Науқастар саны артып кетсе, ауруханаға жатқызу кезегі келесі айға шегеріледі. Бұл емделушінің денсаулығы үшін емес, жүйенің «есеп-қисабы» үшін құрылған тәсіл. Салдарынан денсаулығына шұғыл көмек қажет азаматтар қиналып, ем немесе ота кезегін ұзақ күтуге мәжбүр. Сол сияқты, бір айда КТ немесе МРТ зерттеулеріне шектеулі квота бөлінеді. Егер бұларға жазылушылар көп болса, дәрігерлер кезекті амалсыздан келесі айға қойып, науқас адамға шұғыл қажетті қызмет көрсетуді кейінге қалдыруға мәжбүр. Бұл жерде емделушінің мүддесі ескерілмейді, сондықтан бюрократиялық барьерді алып тастап, жалпы ай сайынғы қаржыландыру мәселесін шешуді аурухана мен емхана құзырына беру ұсынысы айтылды.

Екіншіден, ақпараттық жүйелердің шектен тыс шашыраңқылығы мен олардың өзара үйлестірілмеуі себепті дәрігерлер бюрократиялық қағазбастылықтан арыла алмай отыр. Қазіргі таңда емханаларда түрлі медициналық ақпараттық жүйелер қатар жұмыс істейтіні белгілі. Олар: Кешенді медициналық ақпараттық жүйе, пациенттер мен дәрігерлерге бағытталған Datumed медициналық қосымшасы, «Жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі» ақпараттық жүйесі және т.б. Алайда, бұл жүйелер бір-бірімен интеграцияланбаған. Дәрігер – науқасты емдеу орнына, бар уақытын компьютерге мәлімет енгізумен сарп етеді. Бір науқастың дерегін бірнеше платформаға енгізу әлегі дәрігердің басты «ауруына» айналған. Ол жұмыс уақытында науқасты емдеуден гөрі компьютерге көп үңіледі. Бұл қызмет көрсету мен емдеу сапасына зиян әрі маман тапшылығын одан әрі ұшықтырады. Сондықтан дәрігерлердің жүктемесін азайту үшін бірыңғай ақпараттық жүйе енгізу бастамасы көтерілді.

Үшіншіден, тариф түсініксіздігі мен қаржы тұрақсыздығы. Жыл басында тариф нақты белгіленбейтіндіктен, тұрақтылық жоқ, тарифтердің нақтыланбауынан емдеу мекемелері белгісіздікке тіреледі. Қаржыландыру болжаммен есептеледі. Ауруханалар мен емханалар ай сайын қызметтерін «жорамалдап» ұсынады. Ай сайын егер жоспардан артық жұмыс атқарса, белгіленген лимиттен асып кетсе – қосымша ақы қаралмайды, қаражат жоқ, жетпей қалса, жұмыс аз болса – артық қаражатты қайтару міндеттелген. Бұл жүйе медициналық ұйымдардың тұрақты жұмысын тежеп, қызметін сенімді жоспарлауға мүмкіндік бермей отыр. Қаржыландырудың тіркелген адам-

Елімізде қолданысқа енгізілген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз етуі тиіс еді. Соңғы кезде бұл жүйеге қатысты шағым көбейіп, үміттің орнын күмән басқан. Әлеуметтің денсаулығы үшін құрылған жүйе неге сенімнен айырылып барады? Халық күткен нәтиже көрінер емес. Сенімсіздік өршіп, қоғамда депутаттардан бастап қарапайым азаматқа дейін наразылық бар. Қыруар қаржы бөлінгенімен, нәтиже мардымсыз. Таяуда Мәжілісте өткен Үкімет сағаты МӘМС жүйесінің шынайы ахуалын ашып берді.

ға емес, мекемеге тәуелділік механизмі емханалардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, медициналық қызмет сапасына әсер етеді.

Төртіншіден, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері арасында қайшылық көп. Науқас емханаға бір диагнозбен келіп, емдеу кезінде диагноз өзгерсе, бастапқы диагнозға сәйкес бөлінген қаржы ғана есептеледі. Соңғы нақты диагноз бойынша қаражат қарастырылмайды. Бұл жүйе науқасты емдеу шынайы диагнозға емес, қаржылық есепке құрылғанын көрсетеді.

Бесіншіден, скринингтің тек сақтандырылғандар үшін ғана қолжетімділігі. Бұл – өзекті мәселе. Сақтандырылмағандар емделмейді. Онкология, диабет, туберкулез секілді әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау скрининг арқылы жүзеге асса, оның екінші кезеңі тек МӘМС аясында ғана қаржыландырылады. Егер азамат сақтандырылмаған болса, өзі үшін маңызды тексеруден өте алмайды. Бұл – қоғам денсаулығы үшін үлкен қауіп.

Алтыншыдан, кестелік (сызықтық) шкала жүйесі емханалар мен ауруханаларға науқастарды қабылдауды белгілі бір санға дейін ғана шектейді. Медицина-

лық мекемелер белгілі бір квотадан артық адам қабылдаса, ақша төленбейді. Сақтандырылған болса да, науқастың бетін қайтаруға мәжбүр. Бұл – МӘМС жүйесінің басты қайшылығы. Қанша сақтандырылған болса да, бекітілген саннан тыс науқас емделе алмайды. Яғни сақтандырылған адамның жолын кесу деген сөз, МӘМС жүйесіне қаржы төлеп отырған азаматтың құқығын бұзу.

Жетіншіден, қазіргі жүйеде сақтандырылмаған азаматпен жұмыс істеу де дәрігердің мойнында. Бұл – дұрыс емес. Сақтандыру мәртебесін анықтауды – дәрігерге міндеттеуге болмайды. Жиында айтылғандай, халықты сақтандыру мәртебесіне тарту – әлеуметтік қызметкерлер мен азаматтарға қолдау көрсету орталықтарының жұмысы болуы тиіс.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ
АҚЫ ТӨЛЕУ:
бірыңғай жүйе енгізіледі

Мәжілістің баспасөз қызметі хабарлағандай, 30 сәуірдегі жалпы отырыста депутаттар Үкімет әзірлеген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Әлеуметтік-мәдени даму
комитетінің төрағасы:

МӘМС-тің қазіргі моделі
қаражаттың тиімсіз
жұмсалыуына әкеліп отыр

МӘМС жүйесінде мәселенің негізгі себебін жоюдың орнына тек оның салдарымен ғана күрес жүрде. Жүйелі реформалау орнына – уақытша шаралар. Бастысы – стратегиялық көзқарас жетіспейді. МӘМС-тің қазіргі моделі медицинаны халыққа қолжетімсіз етіп, шығынды көбейтіп, қаражаттың тиімсіз жұмсалыуына әкеліп отыр. Бүгінде барлық емханаларға тіркелген әрбір азамат үшін қызмет көрсеткеніне немесе көрсетпегеніне қарамастан жан басына айына 2000 теңгеге жуық бөлінеді. Бұл тәсіл емханаларды сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүлдем ынталандырмайды. Қаржы ештеңеге қарамастан бөлінеді, қызметтің сапасы немесе бөлінген қаражат тиімділігі есепке алынбайды. Көптеген мемлекеттік емханалар жұмыс көлемінің едәуір бөлігін қосалқы мердігерлерге, жеке және тіпті аффилирленген компанияларға беретінін мойындау керек. Неге? Өйткені, қосалқы мердігерлерден кэшбек алуға қызығушылық бар.

Халықта МӘМС-ке деген сенім өте төмен. STADA Health Report 2024 есебінде Қазақстан денсаулық сақтау жүйесіне қанағаттанбау деңгейі бойынша 2-орында тұр. Бұл – халықтың МӘМС жүйесіне жалпы жарна төлей отырып, оның не үшін, неге қажет екенін түсінбейтінін анық көрсетеді. Жарна төлеушілердің жеке пайда-сына бағытталған қосымша ынталандыру шаралары қажет. Ынталандыру тетіктерін табу керек.

Ұсынылған шешімдердің бірі – Қызметкердің жарнасының бір бөлігін жеке шотқа аудару арқылы жеке жинақтар қалыптастыру мүмкіндігін беру. Мысалы, бұл – жарна сомасының 30-50 пайызын құрауы мүмкін. Азаматтар өз қаражатын қалауы бойынша ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы немесе жинақ ретінде емделуге сақтауға пайдаланатын болады. Бұл дегеніміз, ұжымдық сақтандыру жүйесінен ұжымдық жинақтық жүйеге көшу дегенді білдіреді.

Азаматтар сонда өз жарналарының бір бөлігіне ие болып, оны жинап, басқарып, қажет болған жағдайда ерікті полис сатып алып, денсаулығын сақтандыра алатынын түсінетін болады. Сонда ғана МӘМС-ке деген қызығушылық пен сенім артады.

жетілдіруге бағытталған түзетулерді талқылап, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасында сақтандыру моделіне кезең-кезеңімен көшу көзделген. Атап айтқанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызмет түрлерін ажырата отырып, медициналық көмектің бірыңғай пакетін құру ұсынылып отыр. Депутаттардың ұсынысы бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакетінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің негізгі тізбесі: әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу жөніндегі қызметтер сақталады.

Яғни туберкулез, АИТВ, қатерлі ісік, созылмалы вирусты гепатит, бауыр циррозы, эпилепсия және басқа да аурулары бар адамдарға тегін медициналық көмекті толық алуға кепілдік беріледі. Сонымен қатар, депутаттардың бастамасымен азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакеті аясында бастапқы емдеу кезіндегі негізгі медициналық көмек те сақталады. Яғни емханаға келген әрбір азаматқа дәрігердің алғашқы кеңесі беріледі деген сөз.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мәлімдегендей, Әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру қоры өз жұмысын қайта құрылымдамақ. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап ақауларды анықтаудың автоматтандырылған жүйесі – медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі енгізіледі. Бұл медициналық қызметтер мониторингін қамтуды 0,9 пайыздан 100 пайызға дейін арттырады. Жүйе Әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру қорының бақылау және медициналық ұйымдардың өзін-өзі реттеу құралына айналады.

ТҮЙІН:

Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалуы тиіс. Халыққа уәде емес, нәтиже керек. Бюрократиялық шырғалаңға айналған МӘМС жүйесіне жүйелі реформа, нақты қадамдар қажет. Мәжілісте айтылған ұсыныстар – тек депутаттардың ғана емес, бүкіл қоғамның жанайқайы. Қалыптасып кеткен қазіргі жүйенің кем-кетігін түземей, адам денсаулығын, науқастың жайын жақсарту мүмкін емес. Әлеумет бұл салада нақты өзгерістерді күтіп отыр. Денсаулық жүйесі – науқан емес, мемлекет тұрақтылығының негізі. Қоғам мен билік арасында өзара сенім орнауы үшін ең алдымен МӘМС жүйесін қайта қарап, тиімді әрі әділетті бағдарда реформалау қажеттігі туындап отыр. Жүйе бойынша қабылданған шешімдер қоғам үшін сапалы оң өзгерістер әкеледі деген үміт бар.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ілияс МҰХАМЕДЖАН,
Медициналық сақтандыру қоры
Алматы қалалық филиалының
директоры:

БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚҚА САПАЛЫ, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

– МӘМС жүйесіне қатысты қоғамда айтылып жатқан сын-пікірлер мен ұсыныстарға Медициналық сақтандыру қоры аса байыппен қарайды. Расымен де, бұл жүйе іске қосылған алғашқы кезеңдерден бастап бірқатар жүйелі мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы: «Мемлекет үшін мүмкіндігі мен міндеттемесі теңестірілген бірыңғай базалық медициналық көмектің мемлекеттік пакетін қалыптастыру қажет. Одан тыс көрсетілетін медициналық көмек тек сақтандыру жүйесі арқылы қаржыландырылуы тиіс. Жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру керек. Әлеуметтік осал топтар үшін жарналарды жергілікті бюджеттен төлеу қарастырылуы тиіс», – деп нақты тапсырма берді.

Осы тапсырмаларды орындау мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі мүдделі мемлекеттік ұйымдармен бірлесіп бірқатар заңнамалық өзгерістер жобасын әзірледі. Бүгінгі таңда онкологиялық ауруларға арналған скринингтер МӘМС пакетінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакеті аясында қаржыландырылатын қызметтер қатарына ауыстырылды. Бұл халықтың ерте диагностикаға қолжетімділігін арттыруға бағытталған нақты қадам. Сонымен қатар, өзгерістер D және E санатындағы азаматтарды қамту, мемлекет есебінен төленетін жарналардың мөлшерін қайта қарау, сондай-ақ біртұтас медициналық көмек пакетін қалыптастыру мәселелерін қамтиды. Бұл бастамалар тек медициналық көмектің сапасын арттыруды ғана емес, еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейді.

Заң жобасы 2024 жылдың наурыз айының соңында Мәжілісте Денсаулық сақтау министрі тарапынан таныстырылып, қазіргі таңда депутаттармен бірлесе отырып егжей-тегжейлі талқыланып жатыр. Қоғам мен Парламенттің ұсыныстары мен пікірлері ескеріле отырып, жүйелі әрі тиімді тәсілдер әзірленуде. Басты мақсат – халыққа сапалы, қолжетімді және тұрақты медициналық қызмет көрсету. Бұл бағыттағы реформалар Қор тарапынан толық қолдауға ие және олардың нәтижесі қоғам мүддесіне сай іске асырылады деген сенімдеміз.

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

28 гвардияшы-панфиловшылар саябағы:

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

– Осыдан аз уақыт бұрын Әскерлер үйінің күйзеліске ұшырағанының куәгері болдық. Қорғаныс министрлігі осы ғимаратты қайта жандандыруға шешім қабылдады. Министрлік басшылығының бұл шешімі Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тарапынан үлкен қолдау тапты. Қару-жарақ және әскери техникалар музейі – майданда ерлікпен қаза болған боздақтарға, жарақат алғандарға және хабар-ошарсыз кеткендерге құрмет. Бұл жеңіс үшін жан аямай күрескен, тылда жеңісті жақындатқан еңбекшілерге, шахтерлер мен кеншілерге, егін егіп, мал өсірген шопандар мен диқандарға, станоктарға тәулік бойы тер төккен жұмысшыларға деген алғыс пен құрмет. Болашақта осы мұражай алматылықтар мен қала қонақтарының сүйікті орны болатынына сенімдіміз, – деді генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев.

Іс-шара барысында Қорғаныс министрінің орынбасары ашық аспан астындағы музейдің ашылуына және Әскерлер үйін жаңғыртуға атсалысқан тұлғалар мен ұйымдарды министрлік атынан марапаттады. Оның ішінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбековке, Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалинге медаль табысталды, ал демеушілерге Қорғаныс министрі атынан Алғыс хат берілді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

Ұрпақтар сабақтастығының символы

7 мамыр – елдік пен ерлік, батырлық пен жауапкершіліктің символына айналған айтулы мереке. Бұл күн ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген барлық әскери қызметшілерге, ардагерлер мен патриот азаматтарға шексіз алғыс пен құрметтің белгісі. Одан бөлек, биыл біз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтудеміз. Бұл бейбіт өмір сыйлаған батыр бабаларымыздың ерлігіне тағзым ету күні. Құрметті алматылықтар ашық аспан астындағы әскери техника музейі бірліктің, бейбітшіліктің пен ұрпақтар сабақтастығының символына айнала берсін.



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КОМИССИЯ

Қоғамдық кеңес:

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Алматыда қала тынысын жақсартуға бағытталған 240 ұсыныс әзірленді.

Қоғамдық кеңестің комиссиясы 24 отырыс өткізіп, онда аудан әкімдігі, қала басқармасы, полиция департаменті мен төтенше жағдайлар департаменті өкілдерінің есебі тыңдалған. Соның нәтижесінде алматылықтардың өмір сапасын, қаланың инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған 240 ұсыныс жасалды.

Комиссия мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында байланыс орнататын тиімді алаң екенін дәлелдеп отыр. Алматыдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен жүйелі түрде жұмыс істеуге көп көңіл бөлінген. Көлік пен экология саласындағы

жемқорлықты жоюды көздейтін іс-шаралардың жоспары жасалған. Соның бірі – ұсыныстың орындалу барысын қадағалап, цифрлық шешімдерді өндіріске енгізу. Комиссия мүшелері мемлекеттік органдарының ашық болғанын, есеп беріп отырғанын қалайды. Ол үшін арыз-өтінішке арнап QR-кодтар енгізілді. Халық осының арқасында ақпаратты тікесінен алып, қоғамдық бақылауды күшейтеді.

Бұған дейін 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, тұрғындар мен әртүрлі ұйымдардың 70 арыз-шағымы қаралған. Оның 52-сі шешімін тауып, қалғанына түсініктеме берілген. Комиссия әрі қарай тұрғындармен, сарапшылармен, ұйымдармен жұмыс істеуге көңіл бөліп отыр.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ОРТА АЗИЯДАҒЫ БІРЕГЕЙ



Қазақстанда Қорғаныс министрлігіне қарасты үш әскери жоғары оқу орны бар. Олар Ақтөбедегі Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты, Алматыдағы Құрлық әскерлерінің әскери институты мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты. Соңғысы – болашақ офицерлер шеберханасы, инженерлік бағытта, нақтырақ айтқанда, ақпараттық қауіпсіздік, радиоэлектрондық барлау, әуе қорғанысы, байланыс, ақпараттық технологиялар саласы бойынша мамандар даярлаумен ерекшеленеді. Бұл бағдарлар басқа әскери оқу орындарында оқытылмайды. Біз Отан қорғаушылар күні қарсаңында Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына барып, тыныс-тіршілігімен, оқу үрдісімен және курсанттардың әскери өмірімен танысуды жөн көрдік.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ ЖАЛҒЫЗ ЗАҢДЫ МҰРАГЕР

Аталмыш оқу ошағына жасаған сапарымыз барысында бізді алдымен институт бастығының орынбасары қарсы алып, білім беру жүйесі мен әскери тәртіп жөнінде жан-жақты ақпарат берді. Ол институттың Қазақстан Қарулы Күштеріндегі орны, оқуға түсу шарттары, болашақ офицерлерге қойылатын кәсіби және физикалық талаптар туралы кеңінен баяндады.

Әскери байланысшылар мен инженерлерді дайындайтын оқу орнының құрылғанына биыл 24 жыл толады. Кеңес Одағы кезіндегі әскери-инженерлік бағыттағы оқу орындарының жалғыз заңды мұрагері ретінде есептеледі. Институт – радиотехникалық мамандықтар негізінде офицер-инженерлерді даярлайтын Орталық Азиядағы бірінші және қазіргі кездегі жалғыз әскери жоғары оқу орны. Офицер-радиоинженерлерді даярлау 5 мамандық бойынша жүргізіледі. Бүгінде осы бағыттар бойынша 700-ден астам курсант білім алып жатыр. Мұнда курсанттар еліміздің өзге өңірлерінен бөлек, көрші мемлекеттерден де келіп оқуға түседі. Сонымен қатар, курсанттар Ресей Федерациясы, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея сияқты елдерде білім жетілді-

әскери мамандар осы жерде даярланады. Әуе қорғанысы күштері, ақпараттық технология, байланыс, радиоэлектрондық күрес салалары бойынша бес негізгі бағытта болашақ әскерилерді оқытамыз. Институттың басты миссиясы – сапалы әскери кадр дайындау. Қазір әлемде болып жатқан қарулы қақтығыстар мен геосаяси жағдайдың әсерінен әскери білім беру жүйесіне де жоғары талап қойылып отыр. Сондықтан болашақ офицерлерге әскери білім беріп қана қоймай, күрделі техникаларды игеру, басқару дағдылары үй-



Медғат МАДРАХИМҰЛЫ, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты бастығының орынбасары – тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы, полковник:

реді. Институт түлектері тек Қарулы күштер қатарында емес, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінде, Төтенше жағдайлар министрлігінде және басқа да мемлекеттік құрылымдарда қызмет атқара алады.

ӘСКЕРИ ИНЖЕНЕРИЯ – СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ
«Әскери саладағы инженерлік бағытта жоғары, білікті

ЖАҢА ӘДІСТЕР ОҚЫТЫЛАДЫ

Заман талабына сай әскери-инженерлік мамандарды дайындауда жаңа әдістерді қолданамыз. Жаңа технологиялар күн сайын дамып, әскери техника үнемі жетіліп келеді. Сол үшін де сандық технологиямен жұмыс істей алатын жоғары білімді әскерилер қажет. Жақында оқу корпусында виртуалды оқу кабинеттері ашылды. Курсанттар далалық жаттығуға ұқсас құрылғымен теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Бұл кабинеттерде күрделі әскери техника мен жүйелердің виртуалды модельдері арқылы курсанттар сол жағдайдағы әрекеттерге дайындалады.

Оқу бағдарламасына сәйкес, курсанттар жылына бір рет «бірлескен далалық жиындарға» қатысып, теориялық білімдерін практикада көрсетеді. Жиындар барысында курсанттар әскери техникалар мен қару-жарақтарды қолмен ұстап, тәжірибе жинақтайды. Сонымен қатар, курсанттар Қазақстанның Әуе қорғанысы күштеріне қарасты әскери бөлімдерде де тәжірибеден өтеді. Бұл тәжірибелік жұмыстар негізінен бітіруші курсанттар үшін ұйымдастырылады. Институтта дронды үйрету, басқару бойынша арнайы пән енгізілді. Жақында құрылымдық күштер арасында өткен республикалық турнирде 11 команданың ішінен біздің 1-курс курсанттары ІІІ жүлделі орынды иеленді.

ретіледі. Мұның бәрі қажет кезде шұғыл шешім қабылдай алуды талап етеді», – дейді институт бастығының орынбасары Медғат Мадрахимұлы.

Халықаралық әріптестік аясында әскери институт түлектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бекітілген келісім-шарт негізінде шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға жіберіледі.

Мұндай үрдіс болашақ офицерлердің кәсіби біліктілігін халықаралық деңгейде шыңдауға мүмкіндік береді. Қазір де Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері үшін шет мемлекеттерде білім алып жатқан курсанттар бар. Олар көбіне бізде оқытылмайтын, сирек кездесетін әскери-инженерлік мамандықтарды меңгеруге жіберіледі. Оқуы аяқталған соң елге оралып, Қарулы Күштер қатарында қызмет атқарады.

«Бұрын шетелде ғана оқытылатын әскери мамандықтар бізде де ашылып жатыр. Мәселен, әскери журналистика, әскери дирижер және құрылыс мамандары криптология мен аударма ісі (араб, қытай, урду, парсы) тілдерін оқитын курсанттар негізгі пәндерді институтта оқыса, 2–4-курстарды азаматтық ЖОО-да оқиды», – деді институт бастығының орынбасары.

Сұхбат барысында ол жыл сайын әскери институтқа оқуға түсуге қызығушылық артқанын айтты. Қарулы Күштердің беделі жоғарылап, үгіт-насихат жұмыстарының жүйелі жүргізілуінің нәтижесі деп есептейді.

«Мәселен, былтыр 200 орынға 355 үміткер құжат тапсырған. Бұған дейінгі жылдары бұл көрсеткіш 50–60 адам шамасында ғана артатын. Ал қазір бір жарым есеге көбейген. Биыл да конкурс жоғары болады деп күтілуде. Курсанттар оқу барысында әскери бөлімдерде тәлімгерлік тәжірибеден өтіп, мектеп бітірушілерімен кездесу ұйымдастырып, әскери институт жайлы ақпараттарын бөліседі. Бұл да үміткерлер санының артуына ықпал етеді деп ойлаймын», – деді ол.

Теориялық оқытуға арналған аудиториялармен, әскери және техникалық пәндерге арналған зертханалармен, байланыс құрылғылары бар оқу кабинеттерімен және виртуалды құрылғылармен, курсанттардың дағдыларын жетілдіретін арнайы тренажерлармен, симуляциялық құрылғылармен және оқу-жаттығу кешендерімен таныстық.

Курсанттардың әскери даярлығынан бөлек, мамандықтарына сай ақпараттық қауіпсіздік, байланыс жүйелері, радиотехника сынды салалар бойынша жан-жақты білім алып жатқаны бірден байқалды. Оқу кабинеттерін аралап жүріп байқағанымыз, байланысшылар мен инженерлерге қажетті құрылғылардың біразы ескі үлгіде екен. Алайда, бұл оқуға кедергі емес. Себебі, жаңа техниканың бәрі әрдайым сапалы бола бермейді. Ескі техникалар сенімді, әбден сынақтан өткен. Әскери техника көбіне қарапайым құрылымы мен тұрақты жұмыс істеуімен құнды. Сондықтан курсанттар ескі құрылғылар арқылы да қажетті білімді толық меңгере алады. Көптеген елдерде әлі күнге дейін кейбір әскери міндеттерді атқару үшін ескі техникалар пайдаланылады.

КУРСАНТТАР: «ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫМЫЗ!»

Әскери институт – болашақ офицерлерді тәрбиелейтін ерекше орта. Бұл жердегі курсанттарды азаматтық оқу ордаларындағы студенттермен салыстыруға келмейді. Мұнда тәртіпке, жауапкершілік пен патриоттық тәрбиеге басымдық беріледі. Институт қабырғасында білім алып жүрген, биыл оқуды аяқтап, нағыз әскери өмірге қадам басқалы тұрған курсанттармен де әңгімелестік. **Арсен Серікбай, Нұрберген Тілегенұлы, Бекжан Мұхтарұлы** – Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 5-курс курсанттары. Үшеуінің мамандықтары әртүрлі. Олар әңгіме барысында практикалық сабақтарды ерекше атап өтті.

«Оқу барысында маған ерекше ұнайтын пән – ағылшын тілі. Бірінші курстан бастап осы пәнге үлкен қызығушылықпен қараймын. Институтымыз бұл бағытта республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жақсы жетістіктерге жетіп жүр. Сонымен қатар, мамандығыма байланысты әскери бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылады. Атыс, оқу-жаттығу сабақтары өте қызықты өтеді және болашақ офицер ретінде көп тәжірибе жинадым», – дейді Арсен.

Ал Нұрберген болашақ әскери байланысшы. Оқуды бітірген соң әскери инженер қызметін атқармақ.

«Басты міндетіміз – командир мен бөлімше арасында, сондай-ақ көрші бөлімшелермен тұрақты әрі сенімді байланыс орнату және оны үздіксіз қамтамасыз ету. Мұнда теориялық сабақтар оқу орталығында өтеді, ал практикалық машықтарды полигонда, далалық жағдайда үйренеміз. Полигондағы оқу-жаттығулар өте маңызды



БІЛІМ ОРДАСЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ОЛИМПИАДА



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда орта білім беру ұйымдарының математика пәні мұғалімдері арасында өткен Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова атындағы I математикалық олимпиадасының жеңімпаздарын марапаттауға арналған жиын өтті.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Салтанатты жиын Аягүл Төреқызының өзі кезінде 25 жыл басшылық еткен байырғы білім мекемесі – Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия шаңырағында өтті. Аталмыш іс-шара білім байқауы ғана емес, осы саланың жетістіктерін айшықтайтын нағыз еңбек адамына, ұлт ұстазына көрсетілген құрмет болды. Алдымен сөз кезегін «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялық ғылыми әдістемелік орталықтың» басшысы Дәурен Сағынғалиев алып, Білім басқармасы басшысы Сайран Сайфеденовтің арнайы құттықтауын жеткізіп, бұл олимпиада Аягүл Төреқызының идеяларын жалғастыратын ғылыми дәстүрге айналатынын атап өтті.



Салтанатты жиынға арнайы қатысқан Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, «Қазақстандық ғалым әйелдер қоғамының» президенті Ту-сон қаласының құрметті азаматы Таңат Аяпова білім саласының дамуына зор үлес қосқан Аягүл Миразованың ғылым саласындағы жетістіктеріне тоқталды. Қазақстан білім саласының құрметті қызметкері Мекебай Қуанышбайұлы, профессор Қайыркен Құдайбергенқызы, еңбек ардагері Гүлзада Дүйсебайқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстаздары Сәния Тілеубай мен Майра Рабатқызы, басқа да білім саласының білгірлері Аягүл Төреқызының өмірі мен қызметі жайлы ыстық ықыластарын білдірді.

№159 гимназия босағасына бақ қонған білім мекемесі. Бұл босағада атақты ұстаз, Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразовадай саңлақ еңбек етті. Ширек ғасырда өзінің шәкірттеріне білім берумен шектелмей, нағыз педагогтарды тәрбиеледі. Бүгінде осы жолды байырғы ұстаз, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Қазақстанның білім саласының үздігі Эльмира Бидайбекова жалғастырып, мектепке басшылық етіп келеді.

Салтанатты жиынды қорытындылаған Эльмира Исабайқызы ардақты ұстаздың есімімен байланысты мектепте инновациялық бағдарламалар және «Пилоттық мектеп» жобасы қазіргі заманғы білім берудің үлгісі ретінде танылғанын, сәтін салса аталмыш Олимпиада келесі жылдары да халықаралық сипатта өткізілетінін мәлім етті.

Сонымен, олимпиада жеңімпаздарының есімі де белгілі болды. Аягүл Миразова атындағы олимпиаданың Бас жүлдесін Медеу ауданындағы Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицей ұстазы Айғаным Сәбитқызы жеңіп алды. Үздіктер сапынан табылған ұстаздар – Нұржан Әбухан, Еркегүл Шынарбек, Мағжан Қалымжанұлы, Нұрлан Ақперов, Шуақ Дәулетбай, Бақназар Төребаев алғашқы үш жүлделі орындарға ие болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат МАРАТҰЛЫ,
Радиотехникалық әскерлер кафедрасының бастығы,
подполковник:

ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ – ӘЛЕУЕТТІ ҚҰРЫЛЫМ

Кафедрада курсанттар радиолокациялық станциялармен жұмыс істеу бойынша дайындалады. Оқу аяқталған соң түлектерге «лейтенант» әскери атағы беріліп, олар радиолокациялық бөлімшелердің станция бастығы лауазымына тағайындалады. Бұл мамандық негізінен әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері үшін офицерлер даярлауға арналған.

Оқу теориялық және практикалық кезеңдерге бөлінген. Теорияда курсанттар станцияның құрылымын, негізгі блоктарын және олардың жұмыс істеу принциптерін меңгереді. Ал практикалық сабақтар оқу орталығында өтеді. Бұл орталық нақты әскери бөлімдерге ұқсас жабдықталған. Сол жерде курсанттар әуе кеңістігін бақылауды, станциямен жұмыс жүргізуді тәжірибе жүзінде үйренеді. Институтта да имитациялық құралдар арқылы сабақтар өтеді, бірақ олар тәжірибелік нұсқалармен салыстырғанда жеңіл. Қазіргі таңда кафедра бойынша бесінші курста төрт курсант білім алып жатыр. Биыл барлығы 18 курсант оқуын аяқтап, «лейтенант» әскери атағын алады. Жалпы, биылғы түлектер саны – 22. Олар әскери бөлімдерге жіберіліп, радиотехникалық құрылымдарда қызмет атқарады. Қазіргі уақытта кафедрада бірінші курс студенттерінен бастап бесінші курсқа дейінгі аралықта 134 курсант білім алуда. Алғашқы курстарда курсанттар базалық білім алады, ал үшінші курстан бастап мамандандырылған пәндерге көшеді.

Бейбіт СӘЛЕМҰЛЫ,
Әскери радиотехника және электроника
негіздері кафедрасының бастығы:

ВИРТУАЛДЫ ТРЕНАЖЕР КЕШЕНІ: ЗАМАНАУИ ӘСКЕРИ БІЛІМНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Кафедрада өткен жылы бір ерекше жоба қолға алынды. Ол – виртуалды шындыққа негізделген тренажер кешені. Оны жасап шығарудағы мақсатымыз – курсанттарға әскери техниканың құрылысын оңай әрі тиімді үйрету. Яғни олар бұрынғыдай полигонға бармай, аудиторияда отырып-ақ үйрене алады. Бұл тренажер әскери техниканың визуалды моделін көрсетеді. Курсанттар арнайы құрылғылардың көмегімен сол виртуалды ортаға кіріп, техникамен жұмыс істеуді үйренеді. Жоба былтыр, 2024 жылдың 1 желтоқсанынан бастап іске қосылды. Қазірдің өзінде зениттік-зымыран және радиотехникалық әскерлерге оқып жатқан курсанттар осы тренажермен дайындалып жатыр. Бұл жобаны жүзеге асыруға Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрлігі қолдау білдірді. Біз грант ұтып алып, осы заманауи оқу құралын жасап шығардық.

тәжірибе береді. Жалпы, екі ортада да сабақтар қызықты әрі пайдалы өтеді. Биыл институтты тәмамдаймын. Алдағы уақытта еліміздің Қарулы күштерінде қызмет атқаруға дайынмын. Байланысшы мамандығы барлық әскери құрылымдарда қажет – әуе қорғаныс күштері, құрлық әскерлері немесе теңіз күштерінде болсын, байланыс саласының маңызы зор. Сондықтан кез келген салада қызмет етуге дайынмын», – дейді Нұрберген.

Құпия режимге байланысты саланы таңдаған Бекжан осы оқу ордасының қабырғасында «Әскери істегі ақпаратты қорғау жүйелері» мамандығы бойынша білім алып жатыр.

«Мамандығымның мазмұны туралы толық ақпарат бере алмаймын. Десе де, бұл салада білім алу – үлкен

жауапкершілік пен тәртіпті талап етеді. Сонымен қатар, жеке физикалық дайындығымызға ерекше көңіл бөлінеді.

Мен үшін әскер – ең алдымен, Отанды қорғау. «Отан – отбасынан басталады» демекші, өз отбасының қауіпсіздігі үшін алдымен мемлекетіңнің тұтастығы мен тыныштығын сақтау қажет. Сондықтан мен әскери қызметті – өз Отаным, халқым мен жақындарыма деген адал қызмет деп білемін», – деді Бекжан.

Оқу аудиторияларын аралап жүріп, Қырғыз Республикасынан келген курсантты көзіміз шалып қалды. Әңгімеге тартқанымызда, өзін Құтман Нұрдинов деп таныстырды. Ол Қырғыз Республикасының азаматы, қазіргі таңда Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік

институтының 3-курсында оқып жатыр екен. Құтманның айтуынша, қазір институтта қырғыз елінен келген 11 курсант оқиды.

«Кішкентайымнан әскери адам болуды армандадым. Кейін мектеп бітірген соң, интернеттен іздеп, таңдауым Қазақстандағы осы оқу орнына түсті. Қазір байланыс мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Мұнда оқуға барлық жағдай жасалған. Сабақтар қызықты өтеді, тәжірибелік дайындық та жақсы жолға қойылған. Курстасым екеуіміз бірге сабақ оқимыз, полигонға бірге барамыз. Мұнда бастысы, жауапкершілік керек, талап та жоғары. Бірақ армандаған мамандығың болған соң, бәрін жеңуге болады. Әскер – ер-азаматтың Отан алдындағы борышы», – дейді Құтман.



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

Отан қорғаушылар күні – тек әскери сала қызметкерлері үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызы зор күн. Себебі, бейбіт өмірдің бағасын білу үшін оны қорғауға дайын тұрған жандардың бар екенін ұмытпауымыз керек. Осы күні біз ел қорғаны болуға ант берген азаматтарды еске аламыз, олардың ерлігін дәріптейміз. Солардың бірі – біздің кейіпкеріміз, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 4-курс курсанты Жалғас Мұхаметқазин.



АНАҒА ХАТ

Курсанттардың көпшілігі үшін туған үйдің жылуы мен ата-ананың даусы – сағыныш пен рухтың қайнар көзі. Жалғас сабақ арасында анасына хат жазатынын айтады. Смартфон мен мессенджерлер заманына қарамастан, ол қағаз бетіндегі әр сөзге жүрегінің жылуын салады.

– Анам: «Хаттарыңды қайта-қайта оқимын» дейді. Әр әріп – менің амандығымның кепілі сияқты. Ал мен үшін анамның дұғасы – ең мықты қорған, – дейді ол.

«ОТАН ҮШІН ЖАСАҒАН
ӘР ІСІМ – ЖҮРЕК ІСІ»Ернұр
РЫСБАЙҚАРАПАЙЫМ ОРТАДАН –
ҮЛКЕН АРМАНДАРҒА

Жалғас әскери әулеттен емес. Оның балалық шағы – Алматыдағы «Шаңырақ» шағынауданындағы үйде өтті. Әкесі – қарапайым жұмысшы, анасы – мектепте кітапханашы. Үйінде форма киген адам да, шен таққан офицер де болмаған. Бірақ жүректе тулап жатқан бір арманы – туған еліне адал қызмет ету еді.

– Менің әскери жолды таңдауыма ешкім әсер еткен жоқ. Балалық шағымнан теледидардан, кітаптардан батырлар туралы көріп, оқып өстім. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезіндегі бабаларымыздың ерліктері мені жігерлендірді. «Неге мен де сондай болмасқа?» деген ой кішкентай кезімнен маза бермейтін. Ал анам маған кітапханадан әскери-патриоттық әдебиеттерді әкеліп беріп отыратын. Солардан алған әсер өмірлік шешіміме негіз болды, – дейді курсант.

ТАҢ НҰРЫМЕН ОЯНҒАН ТӘРТІП

Курсанттың әр күні таңғы 6.00-де оянып, төсегін әскери үлгімен жинаудан басталады. Бұл сырттай қарағанда ұсақ нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ тәртіп пен ұқыптылық – болашақ офицерге қойылатын бірінші талап.

– Біз үшін ұйқы – демалыс, ал ояну – жаңа тапсырмаға дайындалу. Әрбір күніміз таңғы жаттығумен басталады. Бұл – физикалық қуаттан бұрын, рухани жігерді қалыптастырады, – дейді Жалғас.

Жаттығудан кейін таңғы ас, сосын теориялық сабақтарға кіріседі. Радиоэлектроника, әскери байланыс жүйелері, киберқауіпсіздік – олардың күнделікті оқитын пәндері. Тек қағаз жүзіндегі білім емес, заманауи құрылғылармен жұмыс істеу, сынақтардан өту – олардың күнделікті өмірінің бір бөлігі.

– Біз тек офицер емес, инженер, бағдарламашы, аналитик те болуымыз керек. Заманауи соғыс тек қарумен емес, ақылмен де жүргізіледі. Бұл – біздің жаңа буын әскери қызметкерлерге қойылатын талап, – дейді ол.

ТӘЖІРИБЕМЕН ШЫҢДАЛҒАН
КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ

Күннің екінші жартысы әскери дайындық пен тактикалық сабақтарға арналады. Саптық жаттығулар, қару-жарақпен жұмыс, командалық тапсырмалар – барлығы болашақ өмірге дайындықтың негізі.

– Бізге бірде «қалалық соғыстың» симуляциялық тапсырмасы берілді. Жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін сақтай отырып, қарсы топты бейтараптандыру керек. Бұл жаттығу мен үшін үлкен тәжірибе болды. Командамен жұмыс істеу, шешім қабылдау, қысым жағдайында әрекет ету – осының бәрі офицерге ауадай қажет қасиеттер, – дейді Жалғас.

Оның айтуынша, кейбір сәттерде физикалық емес, психологиялық төзімділік маңызды рөл ойнайды. Бірде ол қыстың қақаған аязында далалық жаттығу кезінде өзін жоғалта жаздаған:

– Түнгі тапсырма болатын. Минус 25 градус аяз, ылғал топырақ, бірнеше сағат бойы бақылау позициясында отыру... Бір сәтте денем тоңып, көзім ілініп кетті. Бірақ дәл сол кезде серігімнің: «Жалғас, сергек бол!» деген дауысы естілді. Ол мені шын мәнінде оятып алды. Бұл – командалық рухтың, бір-бірімізге деген жауапкершіліктің дәлелі. Біз бір-бірімізге тірекпіз.

АР-НАМЫСТЫ ҚОРҒАУ –
ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Жалғастың сөзінен болашақ офицерге тән жауапкершілік пен отансүйгіштік сезіледі. Ол әскери өмірдің қиындығын емес, маңызын алға тартады. Оның айтуынша, бұл мамандық – жан-дүниенің, сана-сезіміңмен таңдалатын жол.

– Армандаған мамандығым – Отан қорғау. Бұл – тек жұмыс емес, бұл – өмір салты. Біз әскери киімді тек киіп қана қоймаймыз, оның жауапкершілігін сезінеміз. Осы формаға дақ түсірмеу – менің өмірлік қағидам, – дейді курсант.

БОЛАШАҚҚА – СЕНІММЕН

Жалғас оқуын аяқтаған соң әскери байланыс саласында қызмет еткісі келеді. Ол ел шекарасын тек қарумен

емес, біліммен де қорғау қажет деп есептейді.

– Қазір соғыстар тек майданда емес, ақпарат пен технология әлемінде де жүріп жатыр. Сондықтан мен тек мықты сарбаз емес, мықты инженер, жүйелі ойлайтын офицер болғым келеді. Елдің қауіпсіздігі – заманауи білім мен патриотизмнің қосындысы, – дейді болашақ офицер сеніммен.

ӘСКЕРИ РУХ ЖҮРЕГІНЕ ҰЯЛАҒАН

Жалғастың бір күні тек әскери тәртіп пен жаттығудан тұрмайды. Ол – рухани шыңдалу, ерік пен жігерді ұштау, Отан алдындағы борышты терең түсіну күні. Осындай жігерлі жастар – ел болашағының тірегі. Отан қорғаушылар күні қарсаңында біз мұндай азаматтарды мақтан етуіміз керек. Себебі, олар – тыныштық таңын атырып, бейбіт күн кешуіміз үшін қызмет ететін жандар. Ертеңгі ел шекарасын, еркіндігін, қауіпсіздігін сеніп тапсыратын жастар – дәл осындай тәртіппен, адал ниетпен тәрбиеленген курсанттар.

– Мен бір күні өзімнің курсанттық өміріме қарап отырып: «Мен осы жолмен жүріп дұрыс істеген екенмін» деп айтқым келеді. Отан үшін жасаған әр ісім – жүрек ісі, – деп түйіндеді ол сөзін.



Жалғас – нағыз әскери рухты жүрегіне ұялатқан жігіт. Оның қарапайым отбасынан шығып, адал еңбек пен асқақ арман арқылы биік мақсатқа ұмтылуы – бүгінгі жастарға үлгі боларлық. Отан қорғаушылар күні – әскери қызметтегі ер-азаматтардың ғана емес, сондай ерлерді тәрбиелеген аналардың, қолдаған отбасылардың да мейрамы. Бұл күн – елдің ертеңін қорғар курсант- жастардың мейрейлі күні. Жалғастай жастар барда еліміздің болашағы жарқын, шекарасы берік, тыныштығы баянды болмақ.



Ерлік елге – мұра, ұрпаққа – ұран!

ЖЕҢІС ЖОЛЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

(деректер мен дәйектер)



(Соңы. Басы №34-36, 40 сандарда)

Алматы – эвакуациялық база

Алматы қаласы соғыс жүріп жатқан аймақтардан эвакуацияланған халықтарға пана болды. Олардың ішінде режиссер, актер, суретші, жазушылар мен инженерлер бар еді. Сол жылдары Алматыға ақын, драматург және атақты балалар жазушысы С.Маршак, жазушы Михаил Зощенко, балалар жазушысы, поэтесса Наталья Кончаловская, жазушы Сергей Михалков қоныстанды.

Мұрағат деректеріне сүйенер болсақ, Алматы қаласына 1941 жылдың 15 қарашасынан (3016 адам) – 1942 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта (849 адам), барлығы 3865 адам келген. 1942 жылдың ішінде қалаға 22439 адам эвакуацияланған, олардың саны 1943 жылдың 1 қаңтарында 26 304 адамға өскен. Жалпы, 1941-1942 жылдары шаһарға барлығы 43 854 адам көшірілді.

АЛМАТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ (мың адам есебінен)

Жылдар	Халық саны
1.01.1939 ж.	230,5
1.01.1940 ж.	231,4
1.01.1941 ж.	238,5
1.01.1942 ж.	247,3
1.01.1943 ж.	257,8
1.12.1943 ж.	260,4
1.01.1944 ж.	260,6
1.08.1944 ж.	245,3
1.01.1945 ж.	235,1
1.01.1946 ж.	239,2

Эвакуацияланған халықтың жас айырмашылығы бойынша статистикаға сүйенсек, 14–16 жас аралығындағы жасөспірім балалар үлесі – 5,2% (1360 адам), 14 жасқа дейінгі балалар үлесі – 34,7% (9124 адам).

Кестеден көріп отырғанымыздай, қала халқының саны жыл сайын өзгеріп отырған, 1941 жылдан бастап халықтың саны күрт көбейе бастаған.

1942 жылдың 1 қаңтарынан 1944 жылдың 1 қаңтар аралығында халықтың өсу динамикасы жоғары болған. Бұл өзгерістердің себебі, Алматы қала-



«БАУЫРЖАН ШИЫРШЫҒЫ» – Ұлы Жеңістің тактикалық үлгісі

Есімі мен ерлігі жаһан жұртына тараған Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының аңызға айналған қаһарманы. Ол Мәскеу үшін шайқаста Алматыда құрылған 316-шы атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде ерекше қайсарлық көрсетті. Батырдың «Бауыржан шиыршығы» деп аталған тактикалық әдісі – жауды шегініп отырып әлсіретіп, күтпеген жерден қарсы соққы беру арқылы жеңіске жетуге бағытталған тәсіл. Бұл әдіс әлі күнге дейін АҚШ пен Израильдің әскери оқу орындарында оқытылады. Соғыстағы ерлігі мен батырлығы үшін Момышұлына «Кеңес Одағының Батыры» атағы тек 1990 жылы, қайтыс болғаннан кейін берілді.



1941–1942 жылдары Алматыға барлығы 43 854 адам эвакуацияланды.

- Бұл Жеңіс жолында 55 миллиондай адам қаза тапты. Кеңес Одағы бойынша 8 миллионнан астам әскери, 18 миллионнан астам бейбіт тұрғын жау қолынан, концлагерьлерде немесе мәжбүрлі еңбек лагерлерінде қаза тапты. Қазақ елі бұл соғыста 602939 азаматын жоғалтты. Бұл – республикадан әскерге шақырылған әрбір екінші адам майданнан оралмады деген сөз.
- Ұлы Отан соғысы 1945 жылы 8 мамырда түнгі сағат 22.43-те Берлин түбіндегі Карлсхорстта Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция алдында фашистік Германия өзінің жеңілгендігі жөнінде актіге қол қоюымен аяқталды.
- Бұл кезде Кеңес Одағында сағат тілі 12-ден асып, 9 мамырға ауысқан. Сол себепті, Еуропада Жеңіс күні – 8 мамырда, бұрынғы КСРО елдерінде – 9 мамырда тойланады.

сына өнеркәсіп орындарының негізгі ошақтарының көптеп орналастырылуы, сонымен қатар мамандар мен жұмысшылардың және олардың отбасыларының да бірге көшірілуі көп ық-

пал етті. Ал 1944 жылдың тамыз айынан бастап халық саны төмендей бастаған. Бұған себеп соғыстың саябырсып, неміс басқыншыларының кері шегіне бастаған кезі еді. Осыған байла-



МАЙДАН ДАЛАСЫНДА өнер көрсеткен жалғыз қазақ қызы

Алматыда шығармашылық жолы басталған Роза Бағланова – соғыс жылдарында майдан даласында өнер көрсеткен жалғыз қазақ қызы. 1941–1945 жылдары барлық майдан шептерінде концерт беріп, жауынгерлердің рухын көтеріп, жаралыларға көмек көрсетіп, нағыз ерлік жасады. Ол екі мәрте «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Роза 20 тілде 500-ден астам ән орындап, мыңнан аса әскери концертке қатысты. Оның өнердегі жұлдызын жаққан – «Ах, Самара-городок» әні. 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі Жеңіс концертінде де ән салды. Роза Бағланова – «Халық Қаһарманы» атағын алған тұңғыш әрі жалғыз әртіс. Алматы – оның өнері қанат қаққан қала.

нысты реэвакуация басталып, халық саны кеміген.

Сөзімізді түйіндесек, КСРО әскерілері де, тыл еңбеккерлері де бұл соғыста жаудан тек өздерінің ғана келешегін емес, күллі адамзаттың бостандығы мен жарқын болашағын қорғап қалды десек, артық айтқандық емес. Сол бір сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан боздақтар рухына тағзым етіп, арамызда жүрген Жеңіс жауынгерлері мен тыл ардагерлеріне құрмет көрсетілуі – ұрпақ алдындағы мәңгілік парыз. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс жолы – адамзат жадынан өшпеуге тиіс қастерлі тарих.

Т. ДЕРБИСАЛИН.
(Дереккөздер:
e-history.kz, Qazaqstan tarihy
порталы, «edu.e-history.kz».



Қазақ жеріне эвакуацияланып, ата-анасынан айырылған, адасқан балалар үшін арнайы интернаттар ұйымдастырылды.



Алматы қаласы. 1945 жыл, 9 мамыр. Жеңіс мерекесі.
(Суреттер: «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві».)



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Алматыда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс жолы» атты патриоттық онлайн-акция басталды

Жеңіс күні қарсаңында тасқа сүйенген, ақ жейделі балдақты азаматтың осы бейнесі жылда баспасөз беттерінде көрініс беретіні бар. Бұл – жәй сурет емес, тарихи сурет! Бізге «Almaty aqshamy» газетінің әр нөмірін бастан-аяқ, үтір-нүктесіне дейін оқып отыратын алматылық тұрақты оқырманымыз – еңбек ардагері Райхан СЫЗДЫҚОВА хабарласты.

Нұржамал ӘЛІШ


Ұстазым

– Тұтас бір кезеңді сөзсіз-ақ бір өзі айтып тұратын осы суретті баспасөзден жиі көремін. Бұл кісі бізге сабақ берген. Ұстаздың өмірдерегін білу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мұражайына бардым. Мен осы университеттің Биология факультетінде оқыдым. Суреттегі балдақты кісі – сол факультетте бізге дәріс оқыған профессор, биология ғылымының докторы Владимир Иванович Фурсов. Кітапханашы қыздардан осы профессор туралы мәліметтер тауып беруін сұрадым. Ертеректе ұстазымыздың соғыс кезінде, небәрі 20 жасында қатты жараланып, бір аяғынан айырылғаны туралы хабардар болғаным бар еді. Енді біраз мәліметке қанықтым. В.И.Фурсов – Брест қамалын қорғаушы ардагер, Ұлы Отан соғысының мүгедегі. Немістер алғашқы күндері-ақ Брест қамалын талқандайды. Сол шайқаста Фурсов бір аяғынан ауыр жараланып, ес-түссіз жатқан жерінен госпитальға жеткізіледі. Дәрігерлер аяғын кесіп

тастауға мәжбүр болады. Соғыс біткен жылы Алматыға оралып, университеттегі оқуын жалғастырады. 1948 жылы бітіреді. 1949–1953 жылдары университетте – ассистент, 1953–1956 жылдары аға оқытушы болып, уақыт өте келе докторлығын қорғап, профессор атағын иеленген. Ол кісінің жетекшілігімен жиырма шақты кандидаттық диссертация қорғалған. 1975 жылы Қазақстанда бірінші болып табиғатты қорғау және биология пәнінен сабақ беру әдістемесін жазған. Осы кафедраның меңгерушісі болды, – дейді қолындағы деректеріне сүйенген Райхан Тәңірбергенқызы.

Фоторепортер

Суреттегі адамдар – 1941 жылы Брест қамалын қорғауға қатысқан, құрамында 180 қазақстандық болған 125-ші атқыштар полкінің бірнеше жауынгері. Фотосурет авторы – фоторепортер, Отан соғысының мүгедегі Михаил Ананьин. Осы бір ғана кадрдың өзі 1941–1945 жылдардағы сұм соғыстың қаншалықты сұрапыл болғандығын көрсетіп тұр. 1971 жылғы қыркүйекте әйгілі Брест қамалы мемориалының ашылу салтанатында тас қамалға басын сүйеп, қайғы құшағында тұрған азаматтың суреті бір кездері бүкіл әлемге тарап кеткен болатын. Ал Бүкілодақтық көркемсурет фотокөрмесінде I дәрежелі дипломға ие болған. Тосыннан түсірілген бірегей фотоның басты кейіпкері – біздің отандасымыз Владимир Фурсов еді. Дәл осы сурет әйгілі Дмитрий Федорович Снегиннің жұмыс үстелі жанындағы кітап сөресінің көрнекі жерінде майдандас досы Бауыржан Момышұлының суретімен және өзінің 1944 жылы жарық көрген «Жылдар» («Годы») атты жыр жинағымен бірге тұрады екен.



Мейірім

– Биыл Жеңіске 80 жыл толды. Бүгінде ардагерлеріміздің қатары да тым сиреп қалды. Олар Отанды, жерді, суды қорғау үшін қан төкті. Талайы опат болды. Хабарсыз кеткендері қаншама! Менің туыстарымнан да хабарсыз кеткен әкелер болды. Соңында қалған ұрпағы ұзақ жылдан кейін екі атамызды да тауып, Поддубье және Белград зиратына туған жерден бір уыс топырақ апарып салды, ескерткіш орнатты. Анам айтып отырушы еді, соғыс аяқталған жылдары, қанша қиын-қыстау заман болса да, адамдар бір-біріне аса мейірімді, қамқор болған деп. Сол қасиет кейінгі ұрпаққа үлгі болса деген тілегім бар, – дейді Райхан апа.

ГИМНАЗИЯ

АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ



Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында Алматыдағы білім ошақтарында тәлімді тәрбие сағаттары мен ерлік сабақтары өтіп жатыр. Жас ұрпақ жанына жігер беретін мұндай іс-шаралардың мазмұны да, мағынасы да зор. Бұл – жас ұрпақтың Жеңіс жолына құрметі мен сүйіспеншілігін арттырудың бірден-бір жолы. Міне, осы мақсаттағы патриоттық іс-шара – Жетісу ауданындағы №110 мектеп-гимназияда да өтті.

Рая ЕСКЕНДІР

«Ерлікке – тағзым, ұрпаққа – үлгі» деген тақырыпта өткен кеш тағылымы мол, жүрекке терең ой салатын ерекшелігімен есте қалды. Жиын бейбіт өмір сыйлаған батыр бабаларымызды құрметтеуге, олардың ерлігіне тағзым етуге арналды. Іс-шара барысында оқушылар мен ұстаздар Ұлы Отан соғысының және тыл майданының ардагерлерімен кездесіп, олардың естеліктерін тыңдады. Іс-шараға ҚР запастағы Офицерлер одағы төрағасының орынбасары, полковник Габил Халалов, Ауған соғысының ардагері, подполковник Арғынбек Майтбасов, «Соғыс ардагерлері мен

атақты адамдарды еске алу» жөніндегі қалалық комиссия төрайымы, тыл майданының ардагері Клара Летникова, «Адамгершілік және патриоттық тәрбие» жөніндегі қалалық комиссия төрағасының орынбасары Дарияш Ахмет, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, бұрынғы кәмелетке толмаған фашизм тұтқындарының қоғамдық бірлестігінің төрайымы, «Жаңа дәуір.kz» журналының редакторы Ирина Костина, Жетісу ауданы әкімі аппаратының Қоғамдық даму бөлімінің қызметкері Ақтолық Еркінбекқызы, Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы қатысып, сөз сөйледі.

Меймандар осындай тағылымды іс-шараны өткізуге мұрындық болған мектеп ұжымына алғысын білдірді. Кеш қонақтары мектеп оқушыларын бейбіт күн үшін жанын қиған батырлардың ерлігіне тағзым етуге, өз елінің тарихын ұмытпауға, жақсы оқып, тыныштық пен келісімде өмір сүруге шақырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанар НҰҚАБАЙҚЫЗЫ, №110 мектеп-гимназия басшысы:

Тағылымды кеш болды

Біз бұл кешті ұйымдастырғанда жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіре отырып, балаларды Ұлы Жеңіс жолын зерделеуге талпындыруды мақсат еттік. Жастар тарихи оқиғалардың маңызына үңілу арқылы, ардагерлеріміздің, тыл еңбеккерлерінің естеліктерімен сусындау арқылы тағылымды сабақ алуы тиіс. Өйткені, батыр бабаларымыздың жүріп өткен жолы – ұрпақ үшін қашан да өнеге, ұмытылмас тарих.

ІЛТИПАТ



ЫҚЫЛАСҚА БӨЛЕНДІ

Алматыда ұландықтар соғыс жылғы бала – бүгінгі тыл ардагері, Ұлттық ұланның ардагері, отставкадағы майор Ғалымжан Бакешевтің үйінің ауласында салтанатты іс-шара ұйымдастырып, атамызды 90 жасқа толған мерейтойымен және Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесімен құттықтады.

Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің оркестрі соғыс жылдарындағы әскери әндерді орындаса, ұландық сарбаздар салтанатты маршпен жүріп өтті.

Соғыс басталғанда Ғалымжан ата небәрі алты жаста еді. Ол еңбекке ерте араласып, ауылдағы ер-азаматтардың орнын басты, аналарымен бірге тылда еңбек ете жүріп, Жеңіс күнінің жақындауына үлес қосты.

Қазір соғыс жылғы балалар тыл ардагерлеріне теңестірілген. Өйткені олардың көбі бала болып ойнап та үлгермей, зауыттарда, колхоздарда жұмыс істеді, сарбаздарға жылы киім тоқыды. Ғалымжан ақсақалға да осы мәртебе берілген. Сонымен қатар Ғалымжан Жүсіпұлы – Ұлттық ұланның қарт ардагерлерінің бірі. Ол 1960 жылдан бастап КСРО-ның Ішкі әскерінде әр түрлі қызметтерде болған.

КСРО ІІМ Қазақ КСР-і және Қырғыз КСР-і бойынша Ішкі әскер басқармасында саясат бөлімінің нұсқаушысы лауазымында зейнетке шыққан.

Ғалымжан ата мен жұбайы Қонысқұл апа әскери оркестрдің әуенімен дөңгелене вальс билеп, көңілдері жадырап қалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ҚАРАЕВ, 5571 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник:

Ұлттық ұланның ардагері

Ғалымжан Жүсіпұлы Ішкі әскерде ұзақ жылдар қызмет етіп, зейнетке шыққан. Біз Ғалымжан атаға жиі келіп, жағдайын біліп, мерекелерде құттықтап отырамыз. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында қазір тек жалғыз тыл ардагері бар. Қазыналы қариямызға жылда құрметімізді білдіріп отырамыз.

Нұр ЖАМАЛ



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫНЫҢ СУ ЖҮЙЕСІ жаңартылады

Қалада 2025 жылы 260 шақырым су құбыры желісі жаңадан салынып, қолданыстағы жүйелер қайта жаңғыртылады.

А Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл жұмыстар мегаполистің сумен қамту деңгейін 99,6%-дан 99,9%-ға дейін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл жөнінде қала әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысына 1–30 сәуір аралығындағы есеп беру кезінде мәлімдеді.

Атап айтқанда, биылғы 30 сәуірге дейін 190 шақырым желіні жаңарту және салу мақсатында 23 келісім-шарт бекітілді. Қазіргі уақытта 16,3 шақырым су құбырының құрылысы аяқталған.

Сондай-ақ, «Ақсай» өзеніндегі су алатын нысанның құрылысы 85%-ға орындалған. Ал «Ерменсай» су көзін игеру бойынша мердігерді анықтау үшін 9 сәуірде байқау жарияланды.

Су ресурстарын үнемді пайдалану аясында 2025 жылдың



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

басынан бастап 39 мың жеке су есептегіш құрылғы орнатылды, оның ішінде 8,9 мыңы сәуір айында іске қосылды. Осылайша есептегіштермен жабдықтау деңгейі 2024 жылғы 67%-дан биылғы жылдың сәуірінде 75%-ға дейін өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 90%-ға жетеді деп жоспарлануда.

Айта кетейік, Алматы әкімдігі 2025 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындауға бағытталған тұрақты даму жоспары аясында 41 іс-шараны іске асыруда. Президентке тапсырмалардың орындалуы туралы есеп белгіленген кестеге сәйкес ұсынылады.

«ҚАСБЕТТЕН ҚАСБЕТКЕ ДЕЙІН»

тазалық жұмыстары қарқын алды

Алматыда көктемгі тазалық және абаттандыру науқаны аясында барлық аудандарда ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде Жетісу ауданында да «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша кең көлемді санитарлық тазалау және абаттандыру іс-шаралары жүзеге асып жатыр.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

1 сәуірден бастап қолға алынған бұл акция аясында аула маңындағы аумақтар, тротуарлар, көгалдар, арық желілері мен жол бөліктері тазаланып, жөндеу жұмыстары қолға алынды. Қаланың көркі мен тұрғындардың жайлылығы үшін мердігер ұйымдар кешенді түрде санитарлық тазалау, абаттандыру және ағымда-

ғы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Аудан аумағында орналасқан скверлер мен балалар алаңдары да назардан тыс қалған жоқ. Бұл жұмыстарға мердігер ұйымдар жұмылдырылған. Айта кетейік, алдағы уақытта да ауданның санитарлық жағдайын жақсарту және көркейту жұмыстары жалғасатын болады. Мұндай бастамалар мегаполистің экологиялық ахуалын жақсартып, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ернар БАТЫРОВ,
Жетісу ауданы Көліктендіру бөлімінің бас маманы:

– Тазалық жұмыстары «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүйелі түрде жүзеге асуда. Қазіргі таңда Жангелдин көшесі мен Сүйінбай даңғылында арнайы техниканың көмегімен жолдар тазартылып, жуылып жатыр. Сонымен қатар, арық желілері тазалануда. Көше бойындағы жасыл желектерге күтім жасалып, қосымша көгалдандыру жұмыстары қолға алынды. Ауданның тазалығына сегіз мердігер ұйым жауапты. Сонымен бірге, 18 жерүсті және жерасты өткелдерінде күнделікті тазарту, сыпыру және сырлау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

БРИФИНГ

«ӘЛЕМ АРУЫ – 2025»

Алматылық Сәбина Ыдырысова жаһандық сұлулық байқауына қатысады

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Мисс Қазақстан – 2023» байқауының жеңімпазы Сәбина Ыдырысова баспасөз-конференциясына қатысып, сұлулық байқауының алдындағы дайындығын айтып берді. Сәбина Үндістанда өтетін «Miss World 2025» байқауының ақтық сайысына Қазақстанның атынан қатысады.

Осыған дейін Қазақстанда өткен сұлулық байқауында жеңіп шыққан Сәбина алдағы сапарға қалай даярланып жатқанын, жалпы байқау туралы не ойлайтынын айтып берді. Айтуынша, «Miss World 2025» көрмесіне барып қатысу – атақ үшін ғана керек нәрсе емес, ол сонымен бірге Қазақстанның мәдениетін, сұлулығын, интеллектуалды қабілеті мен тарихын да көрсетуге мүмкіндік әрі жауапкершілік.

«Мен өзіме үлкен жауапкершілік артылғанын сезініп, керемет күйде отырмын. Оған жәй ғана барып қатысып қайтпай, екі ортада дәнекер, алтын көпір болмақпын. Қазақстанды қалай жақсы көрсем, әлем де Қазақстанды дәл солай танып-біліп, жақсы көрсе екен деймін», – деді Сәбина.

Бірнеше ай бойы дайындық жасаған кезде Сәбина Ыдырысова Кеин Кериш, Ақ Бұлақ және Алтын емелде



визиттік бейнеролик түсірген. «Япурай» дейтін авторлық нөмірін қойып, дефиледен, сахналық сөйлеуден, макияж бен ағылшын тілінен жаттығу жасапты. Дизайнер Дилара Коржовамен бірге этно-модерн стилінде костюмдер әзірлеп, «Beauty with a Purpose» қайырымдылық аукционына арнап зергерлік бұйымдарды әзірлеген. 11–31 мамыр аралығында Телангана штатында өтетін байқаудың финалына 120 елдің өкілі қатыспақ.

«Miss Kazakhstan»-ның өкілдері Сәбинаның Қазақстанның атын шығарып, үздік болып шығарына сенім артып отыр.

Әзірлеген
Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары VIII сайланымдағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты Андрей Антонович Шинге әкесі
Антон Иванович ШИННІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕЙМАН

Бурак ӨЗЧИВИТ,
танымал түрік актері:

АТАЖҰРТҚА ҚАЙТА ОРАЛУ – мен үшін үлкен қуаныш

Алматыға есімі жаһанға танымал түрік актері келді. «Негіз: Осман», «Сұлтан Сүлеймен», «Бозторғай» сынды түрік сериалдарында басты рөлді сомдаған әлемге әйгілі актер Бурак Өзчивит Алматыдағы ауқымды жобаның таныстырылымына қатысты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Баспасөз конференциясы барысында Бурак Өзчивит журналистердің сұрағына жауап беріп, Алматыдан алған әсерімен бөлісті.

Бурак Өзчивит бұған дейін де Алматыға бірнеше рет келіп кеткен. Әлеуметтік желілердегі парақшасында «Ата-бабаларымыздың жерінен сәлем» деп жазба қалдырған. Бұл сапарында да қаланың тарихи және мәдени мұрасына деген қызығушылығын жасырмады.

«Қазақстанға кейінгі 10 жыл ішінде жиі келіп жүрмін. Әр келген сайын бұл елдің азаматтарымен шығармашылық бағытта, түрлі жобалар аясында бірлесе жұмыс істеу жөнінде әңгімелестік. Мұнда мені әрдайым жылы қабылдайды, өзімді туған үйімде жүргендей сезінемін. Атажұртқа қайта оралу – мен үшін үлкен қуаныш әрі жүрекке жақын сезім. Бұл топырақ – біздің ата-бабаларымыздың ізі қалған киелі жер. Қазақстан менің жүрегімде ерекше орын алатын елге айналды. Атажұртқа әркез келуге дайынмын», – деді Бурак Өзчивит.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



КИНОКЕҢІСТІК

ОТАНДЫҚ ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Алматыда «Ашық аспан астындағы кинокөрсетілім» жобасы басталды

Алматыда «Ашық аспан астындағы кинокөрсетілім» жобасы өз жұмысын бастады. Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, қала волонтерлерінің бастамасымен жүзеге асып жатқан бұл жоба – қала тұрғындары мен жастарына жаз мезгілін қызықты әрі пайдалы өткізудің таптырмас мүмкіндігі.

Ернұр
РЫСБАЙ

Ерекше форматтағы бұл бастама қаладағы мәдени демалысты қолжетімді етіп қана қоймай, отандық киноиндустрияны насихаттау мен танымал етуге бағытталған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, кинокөрсетілімдер Алматының барлық 8 ауданында апта сайын өтетін болады. Бұл – әр аудан тұрғындарына сапалы кинотуындыларды тегін тамашалауға жол ашатын тамаша мүмкіндік.

Жобаның ашылу кешінде сөз сөйлеген Алматы қаласы волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Бағдат Анарбаева кинокөрсетілімнің маңыздылығына тоқталып, бұл бастаманың қоғаммен байланыс орнатудағы рөлін ерекше атап өтті:

– Бүгін біз қала тұрғындары үшін ерекше атмосфера сыйлайтын «Ашық аспан астындағы кинокөрсетілімдерді» бастап жатырмыз. Бұл тек фильм көру ғана емес – бұл адамдар арасындағы байланыс, ашық диалог, мәдениет пен отандық өнерге құрмет. Енді әр апта сайын қаламыздың әр ауданында отандық фильмдерді көрермен назарына ұсынамыз. Волонтерлердің белсенділігі мен қоғамға пайдасы осындай жобалар арқылы одан әрі арта түседі деп сенеміз, – деді ол.

Кешке қатысқан көрермендердің де әсері ерекше. Жастар үшін мұндай іс-шаралар өзара танысуға, ортақ қызығушылық табуға, рухани байып, бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Айта кетейік, Алматы қаласында жыл сайын жастарға арналған 1000-нан астам экологиялық, мәдени, спорттық және білім беру бағытындағы жобалар жүзеге асырылады. Бұл бастамалардың барлығы – жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айзере ҚАЛИ,
қала тұрғыны, студент:

Кешке алғаш рет қатыстым. Ұнады. Мұндай іс-шаралар – біз секілді жастар үшін үлкен мотивация. Біріншіден, отандық киноны қолдаймыз, екіншіден, табиғат аясында, ашық аспан астында уақыт өткізу – ерекше әсер сыйлайды екен. Мен бүгін өзім үшін жаңаша эмоция алдым. Осындай форматтағы мәдени кештер жиі өтіп тұрса екен.

оларды қаланың мәдени-қоғамдық өміріне тартуға және бос уақытын қызықты өткізуге арналған.

«Ашық аспан астындағы кинокөрсетілім» – сол жобалардың жарқын үлгісі. Ол тек көңіл көтеру ғана емес, ұлттық киноны дәріптейтін, көрермен мен өнер арасында рухани көпір орнататын әлеуметтік-мәдени бастама болып отыр.

ПРЕМЬЕРА

«ОРМАН ҒАЖАЙЫПТАРЫ»

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрында жаңа қойылым өтті

Театр ұжымы Ұлттық кітап күні қарсаңында алматылық көрермен назарына «Орман ғажайыптары» ертегісінің премьерасын ұсынды. Қойылым әлемге әйгілі неміс жазушысы Отфрид Пройслердің балалар әдебиетінің жауһары саналатын «Кішкентай сиқыршы» повесінің желісімен сахналанды. Балалар әдебиетінің алтын қорынан орын алған бұл шығарма – жақсылық пен зұлымдық, батылдық пен мейірім, адалдық пен ізгілік тақырыптарын қозғайтын ойлы туынды. Спектакльдің режиссері – еліміздегі қуыршақ театр режиссурасының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген, ерекше дарынымен танылған талантты өнер иесі Антон Зайцев.

Досбол
АТАЖАН

– Бұл – қалыптасқан архетиптерді жеңіп, саналы түрде жақсылықты таңдаған кішкентай қыз жайлы оқиға. Бүкіл әлем сені жамандыққа итермелейді, ал сен болсаң, кішкентай ғана адам бола



тұра, жақсылықты таңдайсың. Балаға осыны айтып, оған тіпті өзі де надандыққа, әділетсіз көрінетін дүниелерге қарсы тұра алатынын, сонымен қатар мейірімді болып, жақсы істер жасай алатынын көрсету – мен үшін шын мәнінде үлкен іс, – дейді Антон Зайцев.

Спектакльдің сахналық суретшісі – Ақтөбе облыстық қуыршақ театрының директоры, Қазақстанның мәдениет қайраткері, халықаралық және республикалық қуыршақ театрлары фестивальдерінің бірнеше мәрте «Үздік суретші» номинациясы бойынша

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмат АМАНГЕЛДІ,
Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры:

Кітаптың рухани
маңызын
бала бойына сіңіру –
маңызды тәрбие

Ұлттық кітап күні – рухани байлыққа бас иетін, әдебиеттің құдіретін дәріптейтін ерекше күн. Мемлекеттік қуыршақ театры бұл мерекені кітап пен театр арасындағы алтын көпірді жалғау арқылы атап өтуді жөн көрді. Қойылым барысын тамашалай отырып, көрермен тек ертегі әлеміне сапар шекпейді – ол кітаптың шынайы құндылығын, парақ арасындағы ғажайып өмірді сезінеді. Қойылымның түпкі мақсаты – жас көрерменге кітаптың сиқырлы күшін сезіндіру, оларды оқуға баулу. Бұл – өте маңызды тәрбие. Өйткені, қазіргі сандық заманда кітаптың рухани маңызын бала бойына сіңіру оңай шаруа емес.

жеңімпазы Әсия Құрманалина болды. Жаңа қойылымда 20-ға жуық түрлі қуыршақ түрі қолданылды. Ал сахна кеңістігі құпияға толы кітапхана атмосферасын бейнелейтін қою әрі терең реңктермен көмкерілді.